23402077972

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2026 жылғы 28 қантар №7119-26-00-2/556 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья А.Б.Бакишев,
сот отырысының хатшысы А.Кангужинаның отыруында, ашық сот отырысында аудио-бейне жазба құрылғысын және «WhatsApp» қосымшасын пайдалана отырып, электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «11567 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«Дос» дара кәсіпкері атынан Абдиева Тунзира Яхияевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы;
тұрақсыздық айыбын өндіру туралы;

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Т.С. Дуйсенбаев
Жауапкер өкілі А.А. Жексенбаев
Прокурор А.А. Актлеу

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «11567 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) мен «Дос» (Абдиева Тунзира Яхияевна) жеке кәсіпкері (бұдан әрі – Өнім беруші) арасында 2025 жылғы 13 қаңтарда №84-ГСМ мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасалды (бұдан әрі – №84-ГСМ Шарты).

Осы шарттың талаптарына сәйкес Өнім беруші 1500 литр турбина майын 20 099 520 теңгеге Астана қаласы, Есіл ауданында орналасқан 19132 әскери бөліміне жеткізуге міндеттелген.

Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында 2025 жылғы 13 қантарда №85-ГСМ мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасалды (бұдан әрі – №85-ГСМ Шарты). Осы шарттың талаптарына сәйкес Өнім беруші 800 литр турбина майын 10 719 744 теңгеге Абай облысы, Семей қаласында орналасқан 54835 әскери бөліміне жеткізуге міндеттелген.

Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында 2025 жылғы 13 қаңтарда №86- ГСМ мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасалды (бұдан әрі – №86-ГСМ Шарты). Осы шарттың талаптарына сәйкес Өнім беруші 1500 литр турбина майын 20 099 520 теңгеге Ақтөбе облысы, Ақтобе қаласы, Молдағұлова көшесі, 39А мекенжайы бойынша жеткізуге міндеттелген.

Талап қоюшы өз талабында, жаупкерлер шарттың талаптарын орындамаған деп көрсетіп, талап қоюын нақтылап соттан:

«Дос» (Абдиева Тунзира Яхияевна) жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды, жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 1 179 975 теңге 82 тиын тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрайды.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдады.

Жауапкердің өкілі пікірде көрсетілген уәждерін қолдай келе, талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор сот отырысында талап ішінәра қанағаттандыруға жатады деген қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 8-бабы 4-тармағы 4) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, кәзіргі кезде № 85-ГСМ шарты бойынша жауапкер міндеттемелерді орындады, бұл 2025 жылғы 28 қарашадағы қабылдау-тапсыру актісімен расталады, тұрақсыздық айыбы 611 025,41 теңге мөлшерінде ерікті түрде төленген.

№ 86-ГСМ шарты бойынша міндеттемелерді орындады, 2025 жылғы 2 желтоқсандағы актімен расталады, тұрақсыздық айыбы 1 165 772,16 теңге көлемінде төленді.

«Serikov» жеке кәсіпкері атынан Тунгатарова Айгуль Туйешиевна бүгінгі таңда дейін жаупкер шарттың талаптарын орындамаған.

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А.Б., 29.01.2026

№84-ГСМ Шарттың талаптарына сәйкес тауарды жеткізу мерзімі 2025 жылғы 30 қыркүйекке дейін белгіленген болатын. Өнім берушімен тауар 2025 жылғы 27 қарашада ішінара 242 литр турбина майы сомасы 3 242 722,56 теңгеге жеткізілді, қалған 1258 литр турбина майы сомасы 16 856 797,44 теңгеге жауапкермен жеткізілген жоқ, 2025 жылғы 9 желтоқсанда тапсырыс берушімен шарт біржақты бұзылды.

Бұндай жағжайжа жауапкердің жоғарыда көрсетілген шарттырдың орындамағанын ескере отырып, сот оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

№84-ГСМ Шарттың 7.3-тармағына сәйкес тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады).

Талап қоюшының сотқа көрсеткен дәлелдері бойынша №84-ГСМ Шарттың шеңберінде «Дос» (Абдиева Тунзира Яхияевна) жеке кәсіпкерінен өндірілетін тұрақсыздық айыбының мөлшері талап қою сотқа жолданған күніне есептелеген болатын, оны сомасы 341 691,84 теңгені құраған.

Талап қоюшы сот отырысында шарт бойынша тауар ішінара жеткізіліп, біржақты бұзылуына байланысты оның сомасы нақтылануға жатады деп көрсетті.

Осы шарттың шеңберінде «Дос» (Абдиева Тунзира Яхияевна) жеке кәсіпкерінен өндірілетін тұрақсыздық айыбының мөлшері келесі тәртіппен есептеледі:

3 242 722.56x0.1%x58=188 077,91 теңге;

16 856 797.44x0,1%x70=1 179 975,82 теңге.

58 күн - 3 242 722,56 теңгеге жеткізілген тауардың мерзімінен кешіктіріп жеткізу күндерінің саны;

70 күн - 16 856 797,44 теңгеге шарты бұзу күніне жеткізілмеген тауардың күндерінің саны;

Аталған шарт бойынша өндірілуге жататын тұрақсыздық айыбының 188 077.91 теңге сомасы мемлекет кірісіне төленді, қалған тұрақсыздық айыбының сомасы мөлшері 1 179 975,82 теңге жаупкерден өндіруді сұрайды.

Сот №84-ГСМ Шарттың 7.3-тармағынын мағынасын көріпіп тұрғандай, бұл жағдайда жауапкер бұл шарттың міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) деген қорытындыға келіп, жауапкерден мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) өндірілуге тиіс деген қорытындыға келеді.

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 29.01.2026

Осылайша жаупкерден 16 856 797.44х0,1%х70=1 179 975.82 теңге - 188 077.91 теңге = 991 897, 91 тенге талап қоюшының пайдасына өндірілуге тиіс.

АПК-нің 117-бабына сәйкес талап қоюды қанағаттандырудан бас тартқан кезде сот шығыстары мемлекеттік бюджет есебінен жатқызылуға тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «11567 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Дос» дара кәсіпкері атынан Абдиева Тунзира Яхияевнаға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы – ішінәра қанағаттандырылсын.

«Дос» дара кәсіпкері атынан Абдиева Тунзира Яхияевнаға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Дос» дара кәсіпкері атынан Абдиева Тунзира Яхияевнаға мемлекет кірісіне 991 898 (тоғыз жүз тоқсан бір мың сегіз жүз тоқсан сегіз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 31919 (отыз бір мың тоғыз жүз он тоғыз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «11567 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің қалған талабы – қанағаттандырудан бас тартылсын.

Сот шешіміне шағым және прокурордың өтінішхаты бойынша Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде берілуі мүмкін.

Судья А.Б.Бакишев

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А.Б., 29.01.2026

7119-25-3-6/1169

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 29.01.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»